



2024 ЖЫЛЫ ТБЖІБКЖ-НЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

ТБЖІБКЖ дамыту жөніндегі іс-шаралар	Нәтижесі
Экономикалық-математикалық модельдер мен сараптама-лық бағалауларды пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау аппаратын дамыту	Сандық бағалау, жеке тәуекелдер бойынша модельдер жасалды. Инвестициялық жобаларға тәуекелдік сараптама жүргізу әдістемесі өзектендірілді.
Ішкі бақылау жүйесін жақсарту және қалыпты деңгейде ұстау	«Қазақтелеком» АҚ Кепілдік картасы өзектендірілді. TMForum ұсынымдарына сәйкес 3-ші деңгейдегі бизнес-процестердің классификаторлары әзірленді.

ТБЖІБКЖ-НІ ДАМУ ТУРАЛЫ БАҒЫТТАРЫ

Біз жаңа сынақтар мен жоғары құбылмалылыққа тап болатын болжанбайтын бизнес ортасы контекстінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үлгісін үнемі жақсарту қажеттілігін түсінеміз. Біз негізгі тұжырымдамалар мен стандарттарға сүйене отырып, мақсатымыз бен қозғалыс бағытымызды нақты анықтадық. Біз қайда бара жатқанымызды және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы мақсаттарға қалай қол жеткізетінімізді түсініп, жақсартуларды енгізу бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз.

Келесі компоненттерге сүйенеміз:

- Корпоративтік басқару және мәдениет.
- Стратегия және мақсат қою.
- Қызметтің тиімділігі.
- Өзгерістерді мониторингілеу және енгізу.
- Ақпарат, коммуникациялар және есеп беру.
- Бақылау рәсімдері.



ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Компанияда ішкі аудитті ұйымдас-тыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін және Аудит жөніндегі комитет жетекшілік ететін Компанияның Директорлар кеңесінің органы болып табылады.

ІАҚ қызметі Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және «Қазақтелеком» АҚ Жылдық аудит жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызмет өз қызметінде тәуелсіздік, объективтілік, құзыреттілік және жұмысқа кәсіби көзқарас

қағидаттарын, Ішкі аудиторлар институтының Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарында белгіленген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттары мен сапалы стандарттарын басшылыққа алады. 1110 стандартына (Ұйымдық тәуелсіздік) сәйкес ІАҚ ұйымдық тәуелсіздікті сақтайды.

2023 жылы өзінің негізгі қызметі шеңберінде Жылдық аудиторлық жоспарға және Директорлар кеңесінің тапсырмаларына сәйкес Қызмет 16 аудиторлық іс-шара өткізді, жоспар 107%-ға орындалды.

KPMG жүргізген ІАҚ қызметін тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ қызметі барлық маңызды аспектілерде ішкі аудиттің Халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес келетіндігі расталды. Стандарттардың талаптарына сәйкестігіне бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ сәйкестік пайызы 98%-ды құрады.